

Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша қорытынды есеп

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Жалын PRO» қоғамдық бірлестігі
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Карабалаева Айдана Сарыкбайқызы
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: 130000, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 34 шағын аудан, 8 үй, 17 пәтер.
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): **«DEMEU» жобасы** (Аймақтағы волонтерлік бастамаларға қолдау көрсету)
 1. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 01.05-30.11.2024
 2. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 10 950 000 теңге

1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз

1-міндет. Волонтерлік топтар мен ұйымдардың кемінде 40 жетекшісін кешенді оқытудан өткізу.

1-іс-шара. 2024 жылдың 2-3 тамыз күндері «Жалын PRO» қоғамдық бірлестігі Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының қолдауымен «DEMEU» жобасы аясында Волонтерлік топтар мен ұйымдардың жетекшілеріне арналған кешенді оқытуды ұйымдастырды. Шараны Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы М.Оралбай ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі. Кешенді оқытуда волонтерлік ұйымдар мен топтардың жетекшілеріне 2 күн ішінде волонтерлік негіздер, волонтерлік қызмет туралы заң нормаларымен таныстыру және волонтерлік қызметті ұйымдастыру, Волонтерлік туралы ақпаратты тіркеу мен оның артықшылықтары (волонтерлер реестрі) бойынша және т.б. ақпараттар беріліп, тәжірибелік жаттығулар ұйымдастырылды. Оқытуды «BEST FOR KIDS» ҚҚ экс-президенті, білім беру және social impact саласындағы сарапшы, Ұлттық волонтерлік желі ЗТБ сарапшысы және тренері Александра Крашенина жүргізді. Кешенді оқытуға қатысқан 40 қатысушыларға оқуды аяқтағаны жөнінде сертификаттар табысталды. Сонымен қатар алдағы уақытта қатысушылар өздерінің тәжірибелерімен және құнды ақпараттарымен бөлісу үшін Whatsapp желісінен арнайы чат ашылды. <https://drive.google.com/drive/folders/1vJKWAWuZj3iWVTypgW-2OUefu9KOHd90>

2-міндет. Аймақтағы волонтерлік топтар мен ұйымдарға арналған 15 шағын грант беру

1-және 2-іс-шара. 28 қыркүйекте «DEMEU» жобасы аясында ұйымдастырылған Аймақтағы волонтерлік топтар мен ұйымдарға арналған шағын гранттар конкурсының жеңімпаздарына сертификаттар табысталды. «DEMEU» жобасы бойынша шағын гранттар конкурсы Маңғыстау облысы жастары арасында волонтерлікті насихаттау, жастар ортасында әлеуметтік-мәдени белсенділікті арттыру, сондай-ақ волонтерлар (еріктілер) қозғалысын дамытуға бағытталған. Конкурс шеңберінде **15** бастамашыл және волонтерлік топтар мен волонтерлік ұйымдар жобасына 300 000 (үш жүз мың) теңге көлемінде жобаны жүзеге асыруға қаражат бөлінді. Жеңімпаз атанған 15 бастамашыл және волонтерлік топтар мен волонтерлік ұйымдардың жобалары өңірдегі волонтерлік қызметтерді дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталды. Олар білім беру, экология, денсаулық сақтау, мәдени мұраны сақтау және әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету салаларында

маңызды бастамаларды іске асыруды қолға алды. Әрбір жоба нақты қоғам қажеттіліктеріне бағытталған және жергілікті деңгейдегі өзекті мәселелерді шешуге ықпал етті. Сонымен қатар, гранттық қолдау волонтерлік топтардың ұйымдастырушылық қабілеттерін нығайтып, олардың қызметтерін тұрақты және нәтижелі етуге көмектесті. Бұл бастама қоғамды біріктіру және жастарды әлеуметтік жауапкершілікке баулу арқылы аймақтық волонтерлік қозғалыстың жаңа деңгейге көтерілуіне серпін берді.

<https://drive.google.com/drive/folders/1vJKWAWuZj3iWVTypgW-2OUefu9KOHd90>

3-міндет. Аймақта еліміздегі волонтерлікті дамытудың 8 басым бағыты (Birgemiz: Bilim, Birgemiz: Qamqor, Birgemiz: Ayala, Birgemiz:Sabaqtastyq, Birgemiz: Saulyq, Birgemiz: Taza Alem, Birgemiz:Asyl Mura, Birgemiz: Umit) бойынша іс-шара ұйымдастыру.

1-іс-шара. «DEMEU» жобасы аясында аймақта еліміздегі волонтерлікті дамытудың **8 басым бағыты** (Birgemiz: Bilim, Birgemiz: Qamqor, Birgemiz: Ayala, Birgemiz:Sabaqtastyq, Birgemiz: Saulyq, Birgemiz: Taza Alem, Birgemiz:Asyl Mura, Birgemiz: Umit) бойынша **30 іс-шара** ұйымдастырылды. Бұл іс-шаралар жастардың білім деңгейін арттыруға, қоғамға қамқорлық көрсетуге, денсаулық сақтау мен салауатты өмір салтын насихаттауға, экологияны қорғауға, тарихи мұраны сақтауға және жастардың болашағына бағытталған бастамаларға арналды. Әрбір іс-шара жастардың қоғамдық белсенділігін арттырып, оларды әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмылдыру мақсатында өткізілді.

<https://drive.google.com/drive/folders/1vJKWAWuZj3iWVTypgW-2OUefu9KOHd90>

4-міндет. Уәкілетті органға волонтерлік қызмет туралы деректі тізілімге енгізу бойынша волонтерлерге көмек беру.

1-іс-шара. «DEMEU» жобасы аясында волонтерлік қызмет туралы деректі тізілімге енгізу үшін волонтерлерге көмек көрсету жұмыстары жүргізілді. Бұл шара волонтерлердің қызметін ресми түрде тіркеуге мүмкіндік беріп, олардың құқықтық мәртебесін бекітуге ықпал етті. Волонтерлерге қажетті құжаттарды дайындау және тиісті мемлекеттік органдарға өтінім беру бойынша консультациялар мен қолдау көрсетілді. Бұл жұмыс волонтерлік қозғалыстың ашық әрі тиімді қызмет етуіне жағдай жасайды. Маңғыстау облысында волонтерлік бастамаларға қолдау көрсету арқылы аймақтағы волонтерлік қызмет тізіліміне 150 волонтердің дерегі ұсынылды.

<https://drive.google.com/drive/folders/1vJKWAWuZj3iWVTypgW-2OUefu9KOHd90>

5-міндет. Жоба аясында қорытынды іс-шара «Біргеміз: Маңғыстау» облыстық волонтерлер форумы

1-іс-шара. «Жалын PRO» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «DEMEU» жобасы аясында «Біргеміз: Маңғыстау» облыстық волонтерлар форумы өтті. Форумның басты мақсаты – еріктілердің еңбегін насихаттау, олардың жетістіктерін бағалау және жаңа бастамаларға серпін беру болды. Жоба аясында атқарылған жұмыстардың таныстырылымы өтті. Форум барысында волонтерлер қоғам үшін атқарған жұмыстары туралы бөлісіп, алдағы мақсаттарын баяндады. «Эколидер» волонтерлік клубының жетекшісі Жақсылықова Бахытгүл Өмірханқызы экологиялық жобалардағы жетістіктерімен бөлісті. Сонымен қатар, «JANA_LEP» ерікті бастамашыл тобының жетекшісі Оразмағанбетова Асыл Жаңабайқызы да өз тобының жобалары мен қоғамға тигізген пайдасын баяндады. Іс-шараның ерекше сәті – «Жыл волонтері – 2024» сыйлығын тапсыру рәсімі болды. Бұл марапат «QOLDAU» фронт-кеңсе жобасы аясында ұйымдастырылып, қоғам игілігі үшін еңбек сіңірген еріктілерді қолдау мақсатында табысталды. Волонтер болу – бұл жақсылық жасау, қоғамды жақсартуға өз үлесінді қосу. Бірлігімізді сақтап, жаңа жетістіктерге бірге жетейік! Форумға **150** адам қатысты.

https://drive.google.com/drive/folders/1VcfXLc6NhIp0_lIdBeyzFn1PX7fMwHPw

«DEMEU» жобасының орындалысы туралы қорытынды презентациясы

<https://drive.google.com/drive/folders/1-eHvcyhRQdSvYMJhM3q5iNjgBAptrWoE>

Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін жастардың екі фазалы сауалнамасы арқылы іс-шараларға қатысушылардың қанағаттану деңгейі <https://drive.google.com/drive/folders/1-eHvcyhRQdSvYMJhM3q5iNjgBAptrWoE>

Жоба аясындағы шараларды әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыру https://drive.google.com/drive/folders/1eWVByKCzFo_3JKZoKH76pobmwGtDGmggy

Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:

Жобаның мақсаты:		Жастар арасында волонтерлікті насихаттау, жастар ортасында әлеуметтік-мәдени белсенділікті арттыру, сондай-ақ Маңғыстау облысында волонтерлар (еріктілер) қозғалысын дамыту. Маңғыстау облысында волонтерлік бастамаларға қолдау көрсету арқылы аймақтағы волонтерлік қызмет тізіліміне деректерді ұсынған волонтерлердің санын кемінде 150-ге жеткізу.							
Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:		- Волонтерлік топтар мен ұйымдардың кемінде 40 жетекшісін кешенді оқытудан өткізу; - Аймақтағы волонтерлік топтар мен ұйымдарға арналған кемінде соммасы 300 000 теңге құрайтын 15 шағын грант беру - Аймақта еліміздегі волонтерлікті дамытудың 8 басым бағыты (Birgemiz: Bilim, Birgemiz: Qamqor, Birgemiz: Ayala, Birgemiz:Sabaqtastyq, Birgemiz: Sauluq, Birgemiz: Taza Alem, Birgemiz:Asyl Mura, Birgemiz: Umit) бойынша кемінде 30 іс-шара ұйымдастыру - Уәкілетті органға волонтерлік қызмет туралы деректі тізілімге енгізу бойынша волонтерлерге көмек беру. - Жоба барысында қорытынды «Біргеміз: Маңғыстау» облыстық волонтерлар форумын ұйымдастыру.							
Міндет	Міндет шеңберіндегі іс-шаралар	Өткізілу күні	Өткізілу орны	Қатысушылардың саны	(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер	Сандық және сапалық көрсеткіштер	Индикаторлар		Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)
1 міндет. Волонтерлік топтар мен ұйымдардың кемінде 40 жетекшісін кешенді оқытудан өткізу	Волонтерлік топтар мен ұйымдардың жетекшілерін кешенді оқытудан өткізу.	2-3 тамыз, 2024 жыл	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы	40	Іс-шара барысында волонтерлік топтар мен ұйымдардың жетекшілері волонтерлік қызметтің негіздері мен заң нормалары туралы білім алды. Қатысушыларға волонтерлік қызметті ұйымдастырудың тиімді әдістері мен волонтерлер реестрі жайлы ақпарат беріліп, тәжірибелік жаттығулар жүргізілді. Барлық қатысушыларға оқуды аяқтағаны жөнінде сертификаттар табысталды. Whatsapp желісінде арнайы чат ашылып, қатысушылар арасында тәжірибе және ақпарат алмасу мүмкіндігі қамтамасыз етілді. Бұл шара жетекшілердің құзыретін арттырып, волонтерлік	Волонтерлік ұйымдар жасақталуы, тізімі <i>(жергілікті атқарушы орган арқылы)</i>	1	1	Іс-шара ұзақ мерзімде волонтерлік ұйымдардың әлеуетін арттырып, аймақта волонтерлік мәдениетті қалыптастыруға және қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті нығайтуға ықпал етеді. Қатысушылардың біліктілігі арқылы әлеуметтік жобалардың сапасы жақсарып, аймақтың өзекті мәселелерін шешуге үлес қосылады. Сонымен қатар, тұрақты ынтымақтастық желісі құрылып,
	Жергілікті атқарушы орган арқылы аймақтағы волонтерлік ұйымдар тізімі жасақталады.					Оқыту шарасының жоспары (ЖАО келісілген)	1	1	
	Волонтерлік топтар мен ұйымдардың жетекшілерін кешенді оқытудан					Бағдарлама <i>(көшбасшылық қабілет, рухани құндылық, цифрлық сауаттылық, құжаттарды дұрыс рәсімдеу, әлеуметтік-мәдени белсенділік)</i>	2 күн (1 әр күнге)	2 күн (1 әр күнге)	
						Жолданатын хат	1	1	

	өткізу жоспары жасақталып бекітіледі. Бекітілген жоспарға сәйкес волонтерлік топтар мен ұйымдардың кемінде 40 жетекшісі кешенді оқытудан өтеді.				қызметке деген қызығушылығын күшейтті.	Қатысушылар саны Қатысушылар тізімі (ТАӘ, нөмірі, қолы бар) Шақырылған спикерлер тізімі (ақпаратқан) Әлеуметтік желіге хабарландыру (Facebook, Instagram) Ақпараттық посттар Типографиялық өнімдер (Блокнот, қалам, сертификат) Сауалнама Қанағаттану деңгейі 3*4 Баннер фотосы Іс-шарадан фото Іс-шарадан видео БАҚ-тағы жарияланым	Кемінде 40	Кемінде 40	волонтерлік қызметті жүйелендіру мен оның тиімділігін арттыру қамтамасыз етіледі.
							1	1	
							80 %-дан кем емес	80 %-дан кем емес	
							1	1	
							Кем дегенде 5 (әр күнге)	Кем дегенде 5 (әр күнге)	
							Кем дегенде 1 (әр күнге)	Кем дегенде 1 (әр күнге)	
							1	1	
2 міндет. Аймақтағы волонтерлік	Аймақтағы волонтерлік топтар мен	Тамыз-қыркүйек	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы		15 волонтерлік топ пен ұйымға 300 000 теңге көлемінде гранттар бөлініп,	Өткізілетін шағын грант байқауының ережесі (Жергілікті	1	1	Гранттар мен қолдаулар аймақтағы волонтерлік

топтар мен ұйымдарға арналған 15 шағын грант беру	ұйымдарға арналған шағын грант беру <i>Аймақтағы волонтерлік топтар мен ұйымдарға арналған шағын грант байқауын жариялау.</i> <i>Байқау қорытындысы бойынша 300 000 тг көлемінде 15 шағын грант иегері іріктеліп, жұмыс жүргізіледі</i>	2024 жыл			жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсетілді. Жеңімпаз жобалар өңірдегі волонтерлік қызметті дамытуға және қоғамның білім беру, экология, денсаулық сақтау, мәдени мұраны сақтау және әлеуметтік қолдау сияқты салалардағы мәселелерді шешуге бағытталды. Гранттық қолдау волонтерлік топтардың ұйымдастырушылық қабілеттерін нығайтып, олардың қызметтерін тұрақты әрі нәтижелі етуге көмектесті.	<i>атқарушы органымен келісілген)</i> Әлеуметтік желілерде хабарландыру/ таргет Шағын грант байқауына өтінім саны Мекемелерге жолданатын хат Конкурстық комиссия отырысы (комиссия құрамы 5 адам) Конкурстық комиссия хаттамасы Шағын грант сомасы Тартылған блогер/ инфлюенсер	2(facebook, instagram) Кем дегенде 30 3 1 отырыс 1 300 000 теңге 2	2(facebook, instagram) Кем дегенде 30 3 1 отырыс 1 300 000 теңге 2	қызметтің сапасын арттырып, жастар арасында әлеуметтік-мәдени белсенділікті күшейтеді. Волонтерлік жобалар жергілікті қоғамның қажеттіліктеріне бағытталғандықтан, аймақтың әлеуметтік мәселелерін шешуге ықпал етеді. Волонтерлік топтардың ұйымдастырушылық әлеуеті артып, олардың қызметтері тұрақты түрде дамып, аймақтағы волонтерлік қозғалыс жаңа деңгейге көтеріледі. Сонымен қатар, жастардың әлеуметтік жауапкершілік деңгейі жоғарылап, қоғамда белсенді рөл атқаруға ынталандырылады.
	Шағын гранттарды іске асыру	Қазан-қараша 2024 жыл	Маңғыстау облысы			Келісім-шарт саны Жеңімпаздарға кеңес беру журналы (консультациялар) Шағын гранттарды іске асыру туралы есеп Фото/видеоесеп	15 1 (15 шағын грант иегерлеріне кеңес беру) 15 5 фото, 1 видео әр	15 1 (15 шағын грант иегерлеріне кеңес беру) 15 5 фото, 1 видео әр	

						Бакылау максатында көшпелі мониторинг саны (хаттамасымен) Шағын гранттар жайында әлеуметтік желіде және БАҚ-тағы жарияланымдар саны	шағын гранттан 15 Кем дегенде 15	шағын гранттан 15 Кем дегенде 15	
3 міндет. Аймақта еліміздегі волонтерлікті дамытудың 8 басым бағыты (Birgemiz: Bilim, Birgemiz: Qamqor, Birgemiz: Ayala, Birgemiz:Sabaq tastyq, Birgemiz: Saulyq, Birgemiz: Taza Alem, Birgemiz: Asyl Mura, Birgemiz: Umit) бойынша іс-шара ұйымдастыру	Аймақта еліміздегі волонтерлікті дамытудың 8 басым бағыты (Birgemiz: Bilim, Birgemiz: Qamqor, Birgemiz: Ayala, Birgemiz:Sabaq tastyq, Birgemiz: Saulyq, Birgemiz: Taza Alem, Birgemiz: Asyl Mura, Birgemiz: Umit) бойынша іс-шара ұйымдастыру	Қазан-қараша 2024 жыл	Маңғыстау облысы		«DEMEU» жобасы аясында ұйымдастырылған 30 іс-шара жастардың білім деңгейін арттыруға, қоғамға қамқорлық көрсетуге, денсаулық сақтау мен салауатты өмір салтын насихаттауға, экологияны қорғауға, тарихи мұраны сақтауға және жастардың болашағына бағытталған бастамаларға мүмкіндік берді. Әрбір іс-шара жастардың қоғамдық белсенділігін арттырып, оларды әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмылдырды.	Тапсырыс берушімен келісілген өткізітен шаралардың жоспары/бағдарламасы Жолданатын хат Өткізілетін іс-шара саны (семинар-тренингтер, кездесулер және т.с.с.) Волонтерларға арналған «Volunteers' Discounts» инновациялық жеңілдіктер картасын тарату (қабылдау-беру актісі) Telegram канал және Whatsapp чат ашу және және қызметі туралы есеп Әлеуметтік желіге хабарландыру (Facebook, Instagram) Ақпараттық посттар	1 1 30 450 2 2 1 әрбір шарадан	1 1 30 450 2 2 1 әрбір шарадан	Бұл іс-шаралар жастар арасында әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттырып, олардың қоғамдағы белсенді рөлін күшейтеді. Жастардың білім мен дағдыларының дамуы аймақтағы әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуге көмектеседі. Сонымен қатар, тарих пен мәдени мұраны сақтау, денсаулық сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау арқылы қоғамның өмір сапасы жақсарады. Жастардың әлеуметтік белсенділігі мен бастамашылдығы болашақта тұрақты даму мен прогресс үшін маңызды негіз қалыптастырады.

						Қанағаттану деңгейі	80 %- дан кем емес	80 %- дан кем емес	
						Әрбір іс-шарадан фото	Кем дегенде 5	Кем дегенде 5	
						Әрбір іс-шарадан видео	Кем дегенде 1	Кем дегенде 1	
						Қатысушылар тізімі	1 әрбір шарадан	1 әрбір шарадан	
4 міндет. Уәкілетті органға волонтерлік қызмет туралы деректі тізілімге енгізу бойынша волонтерлерге көмек беру	Уәкілетті органға волонтерлік қызмет туралы деректі тізілімге енгізу бойынша волонтерлерге көмек беру	Маусы м- желтоө сан 2024 жыл	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы		«DEMEU» жобасы аясында волонтерлерге көмек көрсету жұмыстарының нәтижесінде волонтерлердің қызметі ресми түрде тіркеліп, олардың құқықтық мәртебесі бекітілді. Волонтерлерге қажетті құжаттарды дайындау және өтінім беру бойынша консультациялар мен қолдау көрсетіліп, аймақтағы волонтерлік қозғалыстың ашық әрі тиімді қызмет етуі қамтамасыз етілді. Маңғыстау облысында волонтерлік бастамаларға қолдау көрсету арқылы волонтерлік қызмет тізіліміне деректерді ұсынған волонтерлердің саны 150-ге жетті.	Көмек түрі (онлайн және офлайн) Тізім жасақтау Жолданатын хат Тіркелушілер тізімі (ТАӘ, нөмірі) тізімі Әлеуметтік желіге хабарландыру (Facebook, Instagram) Ақпараттық посттар Қанағаттану деңгейі Маңғыстау облысында волонтерлік бастамаларға қолдау көрсету арқылы аймақтағы волонтерлік қызмет тізіліміне деректерді ұсынған волонтерлердің саны	2 1 1 1 2 2 80 %- дан кем емес Кемінде 150	2 1 1 1 2 2 80 %- дан кем емес Кемінде 150	Бұл шара волонтерлердің құқықтық мәртебесін нығайтып, олардың қызметін заңды түрде тіркеуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде волонтерлік қозғалыстың тұрақтылығы мен ашықтығын арттырады. Волонтерлердің ресми тіркелуі олардың белсенділігін ынталандырып, аймақтағы әлеуметтік жобаларды дамытуға үлес қосады. Соның нәтижесінде, волонтерлік қызметтің сапасы мен ұйымдастырушылық деңгейі жоғарылап, жастардың әлеуметтік жауапкершілігі артады. Бұл болашақта қоғамның өзекті мәселелерін шешуде

									волонтерлердің рөлін күшейтеді.
5 міндет. Жоба аясында қорытынды іс-шара «Біргеміз: Маңғыстау» облыстық волонтерлер форумы	«Біргеміз: Маңғыстау» облыстық волонтерлер форумы	05 желтоқсан 2024 жыл	Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы		«Біргеміз: Маңғыстау» облыстық волонтерлар форумы еріктілердің еңбегін насихаттап, олардың жетістіктерін бағалауға және жаңа бастамаларға серпін беруге мүмкіндік жасады. Форум барысында волонтерлер өздерінің қоғамға жасаған қызметтері мен болашақ жоспарлары туралы бөлісті, ал «Жыл волонтері – 2024» сыйлығын тапсыру рәсімі қоғам игілігі үшін еңбек сіңірген еріктілерді қолдады. «Эколидер» клубының жетекшісі Бахытгүл Жақсылықова және «JANA_LEP» тобының жетекшісі Асыл Жаңабайқызы өз жобаларының жетістіктерін таныстырды.	Тапсырыс берушімен келісілген күн тәртібі және дизайны Атқарылған жұмыстардың таныстырылымы Шақырылған сарапшылар Үздік волонтерлық топтар және ұйымдар тізімі Қатысушылар тізімі (қолдарымен) Әлеуметтік желіде посттар Фото/видеосепп	1 1 2 1 1 1 5 фото / 1 видео	1 1 2 1 1 1 5 фото / 1 видео	Форум волонтерлердің қоғамда танылуын және олардың қызметін қолдауды арттыра отырып, волонтерлік қозғалыстың дамуына ықпал етеді. Еріктілердің жетістіктері мен тәжірибелерін бөлісу арқылы жастар арасында әлеуметтік белсенділік және жауапкершілік деңгейі жоғарылайды. «Жыл волонтері» марапаты қоғамда волонтерлік қызметке деген қызығушылықты арттырып, еріктілердің жаңа бастамаларға ынталануына әсер етеді. Бұл болашақта аймақтағы волонтерлік қызметтердің сапасын жақсартуға және қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге үлес қосады.
Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды	«DEMEU» жобасының орындалысы туралы қорытынды презентация					Презентация Әлеуметтік желіде тікелей эфир (Facebook, Instagram)	1 2	1 2	

жария презентациясы									
	Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін жастардың екі фазалы сауалнамасы					Жобаның белсенді кезеңі аяқталғанға дейін және аяқталғаннан кейін жастардың екі фазалы сауалнамасы арқылы іс-шараларға қатысушылардың қанағаттану деңгейі	80%	80%	
	Жобаның белсенді кезеңі аяқталғаннан кейін қатысушыларм ен кемінде 2 фокус-топтық талқылау					Фокус-топтық талқылау	2	2	
Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс	Жоба аясындағы шараларды әлеуметтік желілер арқылы ақпараттандыр у					Әлеуметтік желілерге арналған посттар Әлеуметтік желілерге арналған қысқа бейне Контент жоспар Танымал инфлюенсерлер	25 10 1 Кем дегенде 5	25 10 1 Кем дегенде 5	
	Бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат орналастыру					«Маңғыстау» газетінде, «Огни Мангистау» газетінде тұрғындарды әлеуметтік жоба туралы ақпараттандыру мақсатында материал жариялау	2	2	

						«Mangystau Media» ақпараттық порталында ақпараттық материал жариялау	4	4	
	Жоба қорытындылар ы бойынша мақалалар топтамасы және БАҚ-та сөз сөйлеу					Жоба қорытындылары бойынша мақалалар топтамасы және БАҚ- та сөз сөйлеу	1	1	

Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі:

Жоспардан ауытқу жоқ

Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз

	Индикатор	Өлшем бірлігі	Жоспарланған деңгейі	Нақты деңгейі
1.	Тікелей бенефициарлардың саны	адам	505	505
2.	Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен)	адам	3000	3000
3.	Штаттық қызметкерлердің саны	адам	3	3
4.	Тартылған мамандардың саны	адам	1	1
5.	Қамтылған ҮЕҰ саны	ұйым	Кемінде 2	Кемінде 2
6.	Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры	теңге	2835365	2835365
7.	Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС)	теңге	364635	364635
8.	Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу)	теңге	7750000	7750000
9.	Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар)	ұйым/адам	1	1

2. Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету): Жоба барысында волонтерлік топтардың жетекшілерін кешенді оқыту, аймақтағы 15 волонтерлік топқа шағын гранттар беру және 30 іс-шара ұйымдастыру арқылы жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру, олардың әлеуметтік жауапкершілігін нығайту және қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысуын қамтамасыз ету мақсаттарына жетілді.

Дәлел: Кешенді оқыту нәтижесінде 40-тан астам жетекші кәсіби білім алды, 150 волонтер деректер тізіліміне енгізілді, ал гранттар конкурсы арқылы 15 топ өз жобаларын жүзеге асырып, аймақтағы волонтерлік қызметті дамытуға үлес қосты. Форумдар мен іс-шаралар жастардың білім деңгейін арттырып, қоғамның әлеуметтік мәселелерге қатысуын күшейтті.

3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу

Әлеуметтік жобаның аяқталуы барысында волонтерлік қызметке қатысушылардың саны артты, жастардың қоғамдық белсенділігі күшейді, және аймақтағы волонтерлік қызметтердің ұйымдастырылу сапасы жақсарды, бұл әлеуметтік өзгерістердің тұрақты болуына және қоғамда ынтымақтастықтың нығаюына септігін тигізді.

4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):

Гендерлік көрсеткіш:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
505	230	275

Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметкерлер	Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары	Мүгедектігі бар тұлғалар	Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде	Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
505	50	250	0	15	15	20	30	25	15	10

Жас көрсеткіші:

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және одан жоғары
505	60	150	100	80	65	50	0

5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:

1. көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып): Жоба аясында 40-тан астам волонтерлік топ жетекшісі кешенді оқытудан өтіп, олардың кәсіби дағдылары артты, 150 волонтер деректер тізіліміне енгізіліп, олардың құқықтық мәртебесі бекітілді, және 15 волонтерлік топқа 300 000 теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілді.
- жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу): Жоба аймақтағы жастардың әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, олардың қоғамда әлеуметтік мәселелерді шешуге белсенді қатысуына ықпал етті, бұл өз кезегінде волонтерлік қозғалыстың тұрақты түрде дамуына жағдай жасады.

- әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы: Жобаның тұрақтылығы қатысушылар арасында ақпарат алмасу және тәжірибелік көмек көрсету үшін құрылған WhatsApp чаттары мен басқа да байланыс құралдары арқылы қамтамасыз етілді, бұл қатысушылардың өзара ынтымақтастығы мен жобаның ары қарай дамуына негіз болды.
- іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері: Жоба аймақтағы волонтерлік топтардың ұйымдастырушылық қабілеттерін нығайтып, олардың қызметін тиімді әрі тұрақты етуге мүмкіндік берді, сондай-ақ жастардың әлеуметтік-мәдени белсенділігін арттыру арқылы аймақтың дамуына үлес қосты.

6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда? Әлеуметтік жобаны іске асыру барысында серіктестер мен құрылымдардың қолдауы жобаның тиімділігін арттырды. Серіктестердің қатысуы жобаның қамту аясын кеңейтіп, мақсатты топтарға нақты әсер етті. Олардың қатысуы ресурстарды тиімді пайдалануға және сапалы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Тәжірибе барысында өзара әрекеттестік механизмдерін жетілдіру қажеттігі анықталды, бұл болашақта серіктестік қатынастарды нығайтуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта серіктестермен тығыз жұмыс жалғасып, жаңа жобаларда бірлескен іс-қимылдар жоспарлануда.

Әлеуметтік жобаның серіктестері

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ	Жобадағы рөлі	Ұйымның, серіктестің байланыстары	Ескерту
«Рухтан» қоғамдық қоры – Кушанова Гулнур	Сарапшы	8 702 323 37 90	

Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:

№	Мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты	Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы	Қаржыландыру көлемі (мың теңге)	Грант түрі	Күтілетін нәтиже
1	Білім беру	Жастарға цифрлық сауаттылықты оқыту	Жастар арасында цифрлық сауаттылықтың төмендігі ақпараттық технологияларды меңгеруде қиындық тудырады.	12 000 000	Жергілікті грант	Жастардың ІТ және цифрлық салаларда білім деңгейі жоғарылайды.

Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.

Мемлекеттік органдар	Ұсынымдар	Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні (қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)

Есеп беттерінің жалпы саны: 13

Грант алушы: «Жалын РРО» қоғамдық бірлестігі

Төраға

А.С.Карабалаева

Басшының лауазымы: Т.А.Ө.

Толтыру күні _____

Мөрдiң орны _____

